

**Аягөз ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, оларды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 тамыздағы № 50/424-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 тамызда № 7491 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі.**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**1. Айқындалсын:**

осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Аягөз ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары;

осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Аягөз ауданында арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес Аягөз ауданында арнайы орындарды пайдалану тәртібі;

осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес Аягөз ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары.

**2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.**

*Сессия төрағасы*

*Аягөз аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Шакиров*

*С. Искаков*

Аягөз аудандық мәслихатының

2020 жылғы 13 тамызы

№ 50/424-VI шешіміне

1 қосымша

**Аягөз ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары**

р/с№	Арнайы орын	Шекті толу нормасы
1.	Аягөз қаласының Е.Тәңірбергенов көшесі бойындағы Ә.Мәмбетов және Х.Дүйсенов көшелерінің ортасындағы алаң	80 адамнан артық емес
2.	Аягөз қаласының Ақтамберді, Ә.Тәңірберген көшелерінің қиылысынан бастап, Е.Тәңірбергенов көшесіне дейін, Е.Тәңірбергенов көшесінен Х.Дүйсенов көшесіне дейін	

Аягөз аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 13 тамызы  
№ 50/424-VI шешіміне  
2 қосымша

### **Аягөз ауданында арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Ұйымдастырушы немесе ұйымдастырушының өкілдері бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде дыбыс-бейне жазу техникасын, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауға арналған техниканы пайдалануға құқылы.

2. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен жүзеге асырады.

Аягөз аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 13 тамызы  
№ 50/424-VI шешіміне  
3 қосымша

### **Аягөз ауданында арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

Бейбіт жиналыстар пикеттеуді қоспағанда, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін осы шешіммен айқындалған арнайы жерлерде өткізіледі.

Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден ерте бастауға және сағат 20.00-ден кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан да көп пикет өткізуге жол берілмейді.

Пикеттеу ұзақтығы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне 2 сағаттан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 17 және 18-баптарында көзделген жағдайларда жергілікті атқарушы орган өкілінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша бейбіт жиналыстарға қатысушыларға осындай талапты орындау қажеттігі туралы ақпарат бере отырып, бейбіт жиналыстар тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады.

Аягөз аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 13 тамызы  
№ 50/424-VI шешіміне  
4 қосымша

### **Аягөз ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

**Ескерту. 4 қосымша жана редакцияда – Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 24.01.2024 № 11/196-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Аягөз ауданының келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізу шекарасы айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілері;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар;
- 4) қауіпті өндірістік объектілер және пайдаланылуы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілер;
- 5) магистральдық теміржол желілері, магистральдық құбыржолдар, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілері.